**Арал аймағын қолдау және дамыту жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 тамыз N 1121

Қызылорда облысының Арал аймағында халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту және экологиялық ахуалды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған "Арал аймағын қолдау және дамыту жөніндегі

шаралар туралы" іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бекітілген Жоспарды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қызылорда облысының әкімі Жоспардың орындалу барысы туралы ай сайын айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беріп отырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 29 тамыздағы
N 1121 қаулысымен
бекітілген

"Арал аймағын қолдау және дамыту жөніндегі шаралар туралы"
іс-шаралар жоспары

---------------------------------------------------------------------------
Р/с! Іс-шара !Орындалуына жауаптылар!Аяқталу !Орындалу
N ! ! ! нысаны ! мерзімі
---------------------------------------------------------------------------

Инфрақұрылым

1 1.1. "Қызылорда облысының Экономика және сауда Үкіметке 2002 жылдың

суландыру-қашыртқы          министрлігі            ақпарат  4-тоқсаны
жүйелерін жетілдіру",       Көлік және коммуника.
"Қызылорда қаласында ағын   циялар министрлігі
суларды биологиялық         Табиғи ресурстар және
тазарту станциясын салу",   қоршаған ортаны қорғау
"Қызылорда-Жезқазған        министрлігі
автомобиль жолын            Ауыл шаруашылығы
жаңғырту" жобаларының       министрлігі
Мемлекеттік инвестициялар
бағдарламасына енгізілу
мүмкіндігін қарау

1.2. "Қызылорда қаласының   Экономика және сауда  2001-2004 2001 жылдың
тұсынан Сырдария өзені      министрлігі           жылдарға  4-тоқсаны
арқылы өткел көпір салу"    Көлік және коммуника. арналған
жобасын Мемлекеттік         циялар министрлігі    МИБ-ке
инвестициялардың 2001-2003                        енгізу
жылдарға арналған
бағдарламасына енгізу

2   Қызылорда қаласының         Көлік және           Үкіметке  2001 жылдың
тұсынан Сырдария өзені      коммуникациялар       ақпарат   4-тоқсаны
арқылы өткел көпір салуға   министрлігі
және Қызылорда-Жезқазған
автомобиль жолын жаңғыртуға
арналған жоба-смета құжат.
тамаларын әзірлеу

3   "Қызылорда қаласының су     Экономика және сауда  Үкіметке  2001 жылдың
құбыры-кәріз тармақтарын    министрлігі           ақпарат   3-тоқсаны
жаңғырту және кеңейту"      Қызылорда облысының
жобасын халықаралық грант   әкімі
қаражаты есебінен іске
асыруға септік жасау
----------------------------------------------------------------------

Экология проблемалары бойынша

4   "Сырдария өзенінің арнасын  Табиғи ресурстар      Үкіметке  2001 жылдың
ретке келтіру және Арал     және қоршаған ортаны  ақпарат   3-тоқсаны

теңізінің солтүстік қорғау министрлігі
бөлігін сақтау" жобасын Қаржы министрлігі
іске асыруды жеделдету Экономика және сауда
министрлігі

5 Арал аймағының алыс елді Экономика және сауда 2002-2004 2001 жылдың
мекендерін сапалы ауыз министрлігі жылдарға 3-тоқсаны
сумен қамтамасыз ету, Табиғи ресурстар арналған
Арал-Сарыбұлақ, Жиделі және қоршаған ортаны МИБ-ке
және Октябрь топтық су қорғау министрлігі енгізу
құбырларын тартуды аяқтау Қызылорда облысының
жөніндегі жұмыстарды әкімі
жалғастыру

6 Арал теңізінің құрғаған Табиғи ресурстар Үкіметке 2001 жылдың
табанында ағаш егу-сулан. және қоршаған ортаны ақпарат 4-тоқсаны
дыру жұмыстарын жүргізуге қорғау министрлігі
және Ақбай телімінде екпе
өнім өсіру жөніндегі
көшеттік жасауға респуб.
ликалық бюджетте осы
мақсаттарға көзделген
қаражат шегінде жыл сайын
қаражат бөлінуін көздеу

7 "Барсакелмес" қорығының Табиғи ресурстар Үкіметке 2001 жылдың
өсімдіктер мен жануарлар және қоршаған ортаны ақпарат қазаны
дүниесін зерделеу және қорғау министрлігі
олардың сақталуын
қамтамасыз ету жөнінде
іс-шаралар әзірлеу

8 8.1. Бір жылдық шабақтарға Табиғи ресурстар Үкіметке 2001 жылдың
мемлекеттік тапсырысты және қоршаған ортаны ақпарат 4-тоқсаны
"Балықтар (құртшабақтар) қорғау министрлігі
қорын молайту" бюджеттік Экономика және сауда
бағдарламасы қаражаты министрлігі
есебінен және шегінде
жылына 12 млн. данаға

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дейін көбейтуді көздеу | | | |
| | 8.2. Тоған шаруашылығын,<br>Қамысбалық балық тұқым.<br>дығының инкубация цехтарын<br>және әйнек пластикалық<br>қайықтар жасау жөніндегі<br>цехын жаңғыртуды қаржылан.<br>дыруды қамтамасыз ету | Экономика және сауда<br>министрлігі<br>Табиғи ресурстар<br>және қоршаған ортаны<br>қорғау министрлігі<br>Қызылорда облысының<br>әкімі | Үкіметке<br>ақпарат | 2001 жылдың<br>4-тоқсаны |
| 9 | "Байқоңыр" кешенінің<br>қоршаған ортаға және халық<br>денсаулығына әсерін<br>зерделеу әрі бағалау<br>жөніндегі жұмысты Ресей<br>жағының қатысуымен жүргізу | Сыртқы істер<br>министрлігі<br>Табиғи ресурстар<br>және қоршаған ортаны<br>қорғау министрлігі<br>Энергетика және<br>минералдық ресурстар<br>министрлігі<br>Денсаулық сақтау ісі<br>жөніндегі агенттік<br>Білім және ғылым<br>министрлігі | Үкіметке<br>ақпарат | 2001 жылдың<br>4-тоқсаны |
| 10 | Қайта өрлеу аралындағы<br>бұрынғы биологиялық<br>полигонның жай-күйіне<br>кешенді зерттеу жүргізу<br>және Қызылорда қаласында<br>Қоршаған орта және халық<br>денсаулығын сақтау<br>мониторингі жөніндегі<br>орталықты ашу мәселесін<br>қоса алғанда, Арал аймағы<br>проблемаларын шешу<br>жөнінде кешенді<br>ғылыми-техникалық<br>бағдарлама әзірлеу | Табиғи ресурстар<br>және қоршаған ортаны<br>қорғау министрлігі<br>Денсаулық сақтау ісі<br>жөніндегі агенттік<br>Білім және ғылым<br>министрлігі<br>Сыртқы істер<br>министрлігі<br>Қорғаныс министрлігі | Үкімет<br>қаулысы | 2002 жылдың<br>1-тоқсаны |
| 11 | Оңтүстік Торғай ойпатының | Энергетика және | Үкіметке | 2001 жылдың |

Арысқұм иіні мұнай және     минералдық ресурстар  ақпарат   4-тоқсаны
газ кен орындарының жер     министрлігі
қойнауын пайдаланушылардың  Табиғи ресурстар
қоршаған ортаны қорғау      және қоршаған ортаны
жөніндегі келісім-шарт      қорғау министрлігі
шарттарын орындауына
бақылауды қатайту және
2001 жылдың қорытындылары
бойынша Қазақстан
Республикасының Үкіметіне
есеп тапсыру
-----------------------------------------------------------------------

Ауыл шаруашылығы

12  Ауыл шаруашылығы өндірісін  Қызылорда облысының   Үкіметке  2001 жылдың
саралау, ауыл шаруашылығы   әкімі                ұсыныс    4-тоқсаны
дақылдарын күтіп-баптаушы   Ауыл шаруашылығы
жаңа техникалар мен су      министрлігі
үнемдеуші технологияларды
енгізу, мал шаруашылығында
селекциялық-асыл тұқымдық
сұрыптау жұмыстарын
жақсарту жөніндегі жұмысты
жалғастыру
-----------------------------------------------------------------------

Өнеркәсіп

13  Қазақстан Республикасы     Экономика және сауда   2002-2004 2001 жылдың
Үкіметінің 2001 жылғы 26   министрлігі            жылдарға  4-тоқсаны
ақпандағы N 281 қаулысына  Энергетика және        арналған
сәйкес Қызылорда           минералдық ресурстар   МИБ-ке
қаласының жылу-қуат        министрлігі            енгізу
көздерін және тұрғын       Қызылорда облысының
үй-коммуналдық секторын    әкімі
Оңтүстік Торғай
ойпатының кен орнынан
газды пайдалануға көшіру
жөніндегі жобаны толық
іске асыру үшін

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мемлекеттік инвестициялардың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасына енгізуді көздеу | | | |
| 14 | 14.1. Арал маңы аймағының көмірсутек шикізатының барланған қорларын игеруді, сондай-ақ көмірсутек шикізаты және басқа да пайдалы қазбалар қордаларының мол қабаттарын анықтау жөніндегі геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді жеделдетуге шаралар қабылдау. Арал маңы аймағында геологиялық -барлау жұмыстарын жүзеге асырушы жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық және келісім-шарттық міндеттемелерін орындауына бақылауды қамтамасыз ету; | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақойл" ҰМК | Үкіметке есеп | 2001 жылдың 1-тоқсаны |
| | 14.2. Оңтүстік Торғай иіні кен орындарының жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп ілеспе газдарды кәдеге асырудың техникалық-экономикалық негіздемесінің жобасын келісу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 ақпандағы N 281 қаулысына сәйкес оны іске асыруды | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қызылорда облысының әкімі | Үкіметке есеп | 2001 жылдың қарашасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жеделдету; | | | |
| 14.3. | Оңтүстік Торғай ойпаты мұнай және газ кен орындарының ілеспе газын кәдеге асырудың жобасын іске асырудың бекітілген мерзімдерін сақтауға қатаң бақылау жасауды қамтамасыз ету | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қызылорда облысының әкімі | Үкіметке есеп | Ұдайы |

### Білім беру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | 2002 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қабылдау | Білім және ғылым министрлігі | Үкіметке ақпарат | 2002 жылдың 2-тоқсаны |

### Шағын кәсіпкерлік

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Қызылорда облысының шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасына талдау жасау әрі оны іске асыру жөнінде қосымша шаралар әзірлеу | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік Қызылорда облысының әкімі | Үкіметке ақпарат | 2001 жылдың қазаны |

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК